

**Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 19 наурыздағы N 3872
Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1998 жылғы 15 мамыр N 440. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2001.04.27. N 567 қаулысымен. ~P010567

"Ақмола қаласын Қазақстан Республикасының астанасы деп жариялау туралы " Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 20 қазандағы N 3700 U973700_ Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 19 наурыздағы N 3872 U983872_ Жарлығын іске асыру және бюджет жүйесінің баланстылығын қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Жоғарыда көрсетілген Жарлықтың 1-тармағының қолданылуы кезеңіне Ақмола арнайы экономикалық аймағының бюджетінен Ақмола облысының бюджетіне аударымдардың мөлшері 4362964 мың (төрт миллиард үш жүз алпыс екі миллион тоғыз жүз алпыс төрт мың) теңге мөлшерінде белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі